

Көшелерге атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 31 қазандағы N 16 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 қарашада N 6022 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және облыстық ономастикалық комиссияның 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Таң ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Таң ауылындағы келесі атауы жоқ көшелерге:
 - 1) "Жамбыл Жабаев" есімі;
 - 2) № 2 көшеге "Жаңақоныс" атауы;
 - 3) № 3 көшеге "Қарасу" атауы берілсін.
2. Таң ауылының келесі көшелері:
 - 1) "Абай" көшесі "Абай Құнанбаев" есімімен;
 - 2) "Уәлиханов" көшесі "Шоқан Уәлиханов" есімімен;
 - 3) "Жамбыл" көшесі "Мүсірәлі баба" есімімен;
 - 4) "Сейфуллин" көшесі "Сәкен Сейфуллин" есімімен қайта аталсын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Таң ауылдық округі әкімі

А.К. Байнахатов